

Аягөз ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 200 "Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 143 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 сәуірде № 6854 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданы әкімінің 2017 жылғы 28 наурыздағы № 200 "Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4986 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 04 мамырда жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ . Рысбекқызына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Оразбаев